

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 05 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 мамырда № 4250 болып тіркелді. Күші жойылды -Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 08 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 19.09.2017 № 08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы, Шет ауданының Ақадыр кентінде, Көктіңкөлі, Нұраталды, Красная Поляна ауылдық округтерінің аумағында су тасқынына байланысты табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жою комиссиясының басшысы болып, Шет ауданы әкімінің орынбасары М. Мұхтаров тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

М. Жандәулетов